

Сумен жабдықтау және су бұру қызметтерін ұсынуға арналған**№ 12744К КЕЛІСІМ-ШАРТ**

Қарағанды қ.

01.01.2026 ж.

«Қарағанды Су» ЖШС БСН 040640005089, сумен жабдықтау және/немесе су бұру қызметтерін (бұдан әрі - Қызметтер) ұсынушы, ары қарай Жеткізуші деп атала отырып, 26.12.2025 жылғы №30/4985 сенімхат негізінде бір тараптан әрекет етуші бас директордың құқықтық мәселелері және сату қызметі бойынша орынбасары Ескенова Жулдыз Берикболовна және «Қарағанды облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ БСН 070540003649 бұдан әрі Тұтынушы деп атала отырып, Ереже куәлігі негізінде екінші тараптан басшы Т.Т. Досаев атынан әрекет етуші, бірлесіп Тараптар деп аталып, төменде көрсетілгендер бойынша осы Келісім-шартты (бұдан әрі - Келісім-шарт) жасасты.

1- тарау. Келісім-шартта қолданылатын негізгі ұғымдар

Келісім-шартта келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

Жеткізуші - «Қарағанды Су» Жауапкершілігі шектеулі серіктестік (сумен жабдықтау және су бұру кәсіпорыны) сумен жабдықтау және су бұрудың толық технологиялық үдерісін жүзеге асыратын және Тұтынушыларға Қызметтер ұсыну мақсатында елді мекеннің сумен жабдықтау және су бұру жүйесін пайдаланатын, реттейтін және бақылайтын, сондай-ақ Тұтынушылардың сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің жай-күйіне техникалық қадағалауды жүзеге асыратын су шаруашылығы ұйымы;

Тұтынушы/Тапсырыс беруші - сумен жабдықтау және су бұру жөніндегі қызметтерді пайдаланатын және (немесе) пайдалануға ниеттенген жеке немесе заңды тұлға;

есепке алу аспабы - нормаланған метрологиялық сипаттамалары бар, белгілі бір уақыт аралығы ішінде физикалық шама бірлігін жаңғыртатын және сақтайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен суды коммерциялық есепке алу үшін қолдануға рұқсат етілген, судың (ауызсу, техникалық, сарқынды және сулардың басқа да түрлерінің) көлемін өлшеуге арналған техникалық құрал;

есепке алу аспаптарын тексеру - есепке алу аспаптарының жай-күйін тексеру, оның техникалық талаптарға сәйкестігін анықтау және растау, көрсеткіштерін алу, сондай-ақ су өлшеу торабындағы пломбалардың бар-жоғын және тұтастығын анықтау үшін Жеткізушінің



есеп айырысу кезеңі – Тұтынушы көрсетілетін қызмет үшін есеп айырысу жүргізетін айдың бірінші күні сағат 00:00-ден бастап айдың соңғы күні сағат 24:00-ге дейін күнтізбелік бір айға тең уақыт кезеңі ретінде Келісім-шартта айқындалған кезең;

пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы – тараптардың келісімімен белгіленетін, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің элементтерін міндеттер (оларды пайдаланғаны үшін жауапкершілік) белгісі бойынша бөлу орны. Мұндай келісім болмаған кезде, пайдалану жауапкершілігінің шекарасы баланстық тиесілікті бөлу шекарасы бойынша белгіленеді;

су тұтыну нормасы - «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағының 34-тармақшасына сәйкес жергілікті атқарушы орган айқындайтын нақты елді мекендегі бір адамның, жеке қосалқы шаруашылықтағы жануарлардың тәуліктік қажеттілігін қанағаттандыруға немесе суармалы ауданның бір бірлігіне арналған судың мөлшері;

суды есепке алу торабына жібермеу – Тұтынушының сарқынды сулардың сынамаларын алу үшін аумақта орналасқан немесе шаруашылық қарауындағы сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің барлық элементтерінің көрсеткіштерін алу және жұмысқа қабілеттілігін тексеру, техникалық жай-күйін және қауіпсіздігін бақылау үшін суды есепке алу торабына рұқсат беруден Тұтынушының бас тартуы (кедергі келтіру);

баланстық тиесілікті бөлу шекарасы – сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің элементтерін иеленушілер арасында меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару белгісі бойынша бөлу орны, бұл схемаларда көрсетіледі;

төлем құжаты – Жеткізушінің көрсеткен қызметтерін (тауарлар, жұмыстар) төлеу үшін жасалған және олардың негізінде төлемдер жүргізілетін құжат (шот, хабарлама, түбіртек, шот-ескерту);

уәкілетті органның ведомствосы - табиғи монополияларға тиесілі саласында басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствосы;

энергия тұтынуды есепке алудың автоматтандырылған жүйесі (ЭТЕАЖ) - коммерциялық есепке алу құралдарынан деректерді коммерциялық есепке алуды, қашықтықтан жинауды, сақтауды, талдауды жүзеге асыратын есепке алудың автоматтандырылған жүйесі;

арматурасы, өлшеу құраладарына дейінгі және одан кейінгі суқұбырларының түзу участкелері, деректерді қашықтан өлшеу құралдары, қысымды реттегіш және т.б құрылғылар) мен аспаптар (су есептегіші, су шығынын есепке алу есептегіші, манометр) жүйесі;

суды коммерциялық есепке алу: сумен жабдықтау және (немесе) су бұру шарты бойынша тараптардың өзара есеп айырысуы үшін қажетті су көлемін есепке алу;

оқшау тазарту құрылыстары - тұтынушының өзінің сарқынды су бұру жүйесіне ағызу алдында оларды тазартуға арналған құрылыстары мен құрылғыларының жиынтығы;

бақылау құдығы - тұтынушының сарқынды суларының сынамасын іріктеуге және оның көлемін есепке алуға арналған оның су бұру жүйесіне қосылуы алдындағы тұтынушының су бұру желісіндегі соңғы құдық;

су бұру жүйесіне шығару - ғимараттан немесе құрылыстан су бұру желісіндегі бірінші құдыққа дейінгі құбыр;

су құбырын енгізу - қосылу нүктесіндегі тиекті арматурасы бар құдықты қоса алғанда, ғимараттағы бірінші ысырмаға дейінгі сумен жабдықтаудың тарату желісіндегі құбыр;

зиянды заттардың жол берілетін шоғырлануы (бұдан әрі - ЗЗЖБШ) - тұтынушының су бұру жүйелеріне ағызатын өнеркәсіптік ағынды суларының құрамындағы зиянды заттардың жол берілетін шамасы;

қызметтер тарифі- реттелетін қызметтер құнының ақшалай құны.

кондоминиум - дара (бөлек) меншіктегі пәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан және жеке (бөлек) меншікте болмайтын және пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелеріне көппәтерлі тұрғын үй тұрған біртұтас бөлінбейтін жер учаскесін және (немесе) үй жанындағы жер учаскесін қоса алғанда, ортақ үлестік меншік құқығымен тиесілі ортақ мүліктен тұратын, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген біртұтас мүліктік кешен.

қосалқы тұтынушы - меншігінде немесе өзге де заңды негізде тұтынушының сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріне қосылған сумен жабдықтау және су бұру жүйелері бар

және оның жүйелерінің көлігінің арна негізінде пайдаланатын жеке немесе заңды тұлға; Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

Жеткізушінің ақпараттық ресурстары - Жеткізуші Тұтынушыларға жария түрде мәлімет беретін бұқаралық ақпарат құралы (мысалы, сайт, Instagram @karagandysu, Facebook @karagandysu, газет басылымдары, ТВ).

Осы Келісім-шартта пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексіне және Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес қолданылады.

2-тарау. Келісім-шарттың мәні

2.1. Келісім-шарт талаптарына сай Жеткізуші Тұтынушыға және оның қосалқы тұтынушыларына қызметтерді ұсынуға міндеттеледі, ал Тұтынушы көрсетілген қызметтер ақысын осы Келісім-шартпен айқындалған мерзімде, тәртіппен және мөлшерде төлеуге міндеттеледі.

2.2. Көрсетілген қызметтердің сипаттамалары мен берілетін судың сапасы Қазақстан Республикасы Заңнамасының талаптарына, санитарлық ережелерге, мемлекеттік стандарттарға сай болу керек.

2.3. Келісім-шарт Тұтынушымен жеке тәртіппен және (немесе) оның меншігінде немесе басқа да заңды негіздерде Жеткізушінің техникалық талаптарына сай орындалған елді мекеннің сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріне қосылған сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелері болған кезде жасалады.

2.4. Жеткізушінің сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелеріне қосуға арналған техникалық шарттарда көрсетілген көлемдерге сәйкес Тұтынушы алатын ауыз судың рұқсат етілген көлемі 153 м³/жыл, шаруашылық-тұрмыстық тұтынушыдан және өндірістік сарқынды сулардың ластану құрамы бойынша оларға жақын бөлінетін 153 м³/жыл.

Ауыз суды тұрмыстық тұтыну үшін пайдаланатын жеке тұлға оны пайдалануға және түзілетін сарқынды суларды оған қажетті мөлшерде тастауға құқылы

2.5. Қызмет ұсыну тәртібі - тәулік бойы.

2.6. Кондоминиум объектілеріндегі пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы: сумен жабдықтау бойынша - ғимаратта су құбырын енгізудегі бірінші ысырманың бөлуші фланеці; су бұру бойынша - елді мекеннің су бұру желілеріне қосылған жердегі құдық.

3-тарау. Қызметтерді ұсыну талаптары

3.1. Қызметтерді ұсынуды тоқтата тұру мынадай жағдайларда жүргізіледі:

1) авариялық жағдай не азаматтардың өмірі мен қауіпсіздігіне қауіп - қатер төнген;

2) Жеткізушінің желісіне өздігінен қосылған;

3) есеп айырысу кезеңнен кейінгі екі ай ішінде қызметтер үшін төлемақы жасалмаған;



4) сарқынды сулардың сынамаларын алу үшін аумақта орналасқан немесе шаруашылық жүргізуіндегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің барлық элементтерінің көрсеткіштерін алу және жұмысқа қабілеттілігін тексеру, техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігін бақылау үшін суды есепке алу аспаптарына Жеткізуші өкілдерін бірнеше рет жібермеу;

5) Тұтынушының сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің техникалық жай-күйі қанағаттанарлықсыз болғанда және Жеткізушінің анықталған ақауларды және бұзушылықтарды жою жөніндегі жазбаша талаптарын орындамағанда;

6) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарымен негізделген құбыр жолдарға дезинфекция жүргізу қажет болған жағдайда;

7) Нормативтік құқықтық актілерде және Тараптардың келісімінде көзделген басқа да жағдайларда тоқтатылады.

Осы 3.1 тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда қызметтер көрсетуді тоқтата тұру дереу жүргізіледі. Осы тармақтың 3), 4), 6) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда Тұтынушы көрсетілетін қызметті көрсетуді ұсынуды тоқтата тұрғанға дейін кемінде бір ай бұрын ескертіледі.

Осы 3.1-тармақтың 5) тармақшаларында көзделген

жағдайларда қызметтерді көрсетуді тоқтата тұру Тұтынушыны кемінде күнтізбелік үш күн бұрын хабардар ете отырып жүзеге асырылады.

3.2. Келісім-шарттың 3.1 тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, Тұтынушыны қосу туындаған бұзушылықтарды жоқ қылу және жою кезінде жүргізіледі.

Келісім-шарттың 3-тарауының 3.1 тармағында көзделген бұзушылықтар үшін Тұтынушыға қызмет көрсетуді тоқтата тұрған жағдайда, қосу борышты өтегеннен кейін қосылады. Бірнеше рет ажыратылған кезде қосу борышты өтегеннен және қосқаны үшін төлем жасағаннан кейін жүргізіледі.

3.3. Жеткізуші жоспарлы-алдын алу жөндеуді, сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелеріне қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды, жаңа Тұтынушыларды Тұтынушы қосылған сумен жабдықтау және (немесе) су бұру желілеріне қосу жөніндегі жұмыстарды жүргізген жағдайда, Жеткізуші Тұтынушыны кемінде үш жұмыс күні бұрын қызметтерді уақытша тоқтата тұру туралы ескертеді.

3.4. Тұтынушының өндірістік ағынды суларын Өнім берушінің су бұру жүйелеріне қабылдау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 шілдедегі № 546 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 11932 болып тіркелген) Елді мекендердің су бұру жүйелеріне ағынды суларды қабылдау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

3.5. Жеткізушінің аттестатталған зертханасы орындаған талдау нәтижелері бойынша Тұтынушының сарқынды суларындағы зиянды заттардың жол берілетін шоғырлануы асып кеткен кезде, Тұтынушы өндірістік сарқынды суларды су бұру жүйесіне ағызуды тоқтатады және зиянды заттардың жол берілетін шоғырлануына қол жеткізгенге дейін ластануды төмендету жөнінде шұғыл шаралар қабылдайды. Ластану құрамының артуына әкеп соққан себептерді жойғаннан кейін Тұтынушының өтінімі бойынша Жеткізуші сынамаларды қайта

іріктеуді жүргізеді. Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

3.6. Табиғи монополия субъектісінің желілеріне қосылуға немесе реттеліп берілетін сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерінің көлемін ұлғайтуға арналған техникалық шарттарды құрылыстардың өнімділігі мен су құбыры қуатының жеткілікті резерві болған жағдайда Жеткізуші береді, және (немесе) елді мекеннің канализациялық желілері мынадай жағдайларда:

- 1) елді мекендердің сумен жабдықтау және (немесе) канализация жүйелеріне қосылған жаңа объектілерді жобалау және кейіннен салу;
- 2) елді мекеннің қолданыстағы су бұру жүйесіне су тұтыну және (немесе) сарқынды суларды бұру көлемін ұлғайту;
- 3) елді мекендердің дренаждық жүйелеріне ағызылатын ағынды сулардың ластануының шоғырлануын арттыру;
- 4) егер бұл тұтынылатын сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерінің көлемдері мен сипаттамаларының өзгеруіне әкеп соқтырса, объектіні қайта жаңарту;
- 5) нысанның мақсатын өзгерту;
- 6) бұрын қосылмаған объектіні сумен жабдықтау және (немесе) кәріз желілеріне қосу;
- 7) сумен жабдықтау және (немесе) канализацияның инженерлік желілерін дамыту.

4-тарау. Қызметтерді төлеу тәртібі

4.1. Осы Келісім-шарт бойынша көрсетілген қызметтерге төлем уәкілетті орган ведомствосы бекіткен тарифтер бойынша жүргізіледі.

Тарифтерді өзгерту Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

4.2. Егер тараптардың келісінде өзгеше көзделмесе, Тұтынушы нақты ұсынылған қызметтердің мөлшері үшін ай сайын төлем құжатының негізінде есеп айырысу кезеңінен кейінгі айдың 25-не дейінгі мерзімде төлейді. Есептік кезең бір күнтізбелік айды құрайды.

4.3. 3ЗЖБШ-ын асырғаны үшін қосымша ақы Жеткізушінің есептік шотына төленеді.

4.4. Тапсырыс берушімен алынатын суық су мен одан қабылданатын ағынды су есебі ағымдағы тарифтер бойынша жүргізіледі: жіберілген судың 1 м³ үшін 780,05 тенге ҚҚС есебінсіз, кәріз қызметі үшін қабылданған ағынды судың 1 м³ үшін 898,86 тенге ҚҚС есебінсіз.

Келісім-шарт бойынша судың жалпы шамалы құны 119 347,65 теңгені құрайды,



ағынды суды ағызу құны 137 548, 89 теңге,

жалпы сомасы ҚҚС есебінсіз 256 896.55 теңге,

ҚҚС есебімен 297 999.99 (Екі жүз тоқсан жеті мың тоғыз жүз тоқсан тоғыз теңге тоқсан тоғыз тиын)

Шығыстардың БСК бойынша:

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілік коды: 279

Бюджеттік бағдарлама: 001

Ішкі бағдарлама: 015

Ерекшелігі: 151

4.5. Жеткізуші Тұтынушыға ҚР заңнамасында белгіленген келесі айлық есеп көрсеткішімен, әр айдың 10-на дейінгі мерзімде ұсынылатын қызметтердің ақысын төлеу үшін төлем ақы құжаттарын ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесінде ұсынады.

4.6. Тұтынушы тоқсанына бір рет жиілікпен өзара есептесу салыстырма актісін Жеткізушімен бірлесе отырып жасайды.

4.7. Қарағанды қаласының кәріз жүйесіне шекті рұқсат етілген концентрациядан асатын ластағыш заттар лақтырысы жағдайында, Тапсырыс беруші шекті жол берілетін шоғырланудан (ЗЗЖБШ) асатын регламенттелмеген ластағыш заттардың лақтырысын тазалау шығындарын өтейді.

ЗЗЖБШ-нан асатын ластануы бар сарқынды сулардың көлемін қосымша тазарту үшін ақы төлеу Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2010 жылғы 29 желтоқсандағы № 606 бұйрығымен бекітілген Елді мекендердің су бұру жүйесіне ағызылатын өндірістік сарқынды судағы зиянды заттардың шекті жол берілген шоғырлануын есептеу және олар шектен асқанда қосымша тазарту үшін төлемдерді есептеу әдістемелік нұсқауының 2-бөліміне сәйкес есептеледі.

ЗЗЖБШ-нан асатын ластағыш заттар лақтырысы анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге қосымша тазалау шығындарын есептелген формула бойынша өтейді:

П - нормадан жоғары ластаушы бар ағынды суларды қосымша тазалау төлемі, теңге;

T - 1м³ үшін ағын суға тарифтік төлем (ҚҚС есебімен), теңге/м³

V - мекемемен елді мекендердің су бұру жүйелеріне ағызылған ағынды су көлемі, м³

Сф1, Сф2.. - зиянды заттың нақты жол берілетін шоғырлануынан (ЗЗЖБШ) асып кетсе, зиянды заттың нақты концентрациясы, мг/дм³,

Сдквв1, Сдквв2.. - елді мекеннің ағынды сулар жүйесіне ағызуға рұқсат етілген зиянды заттардың жол берілетін шоғырлануы, мг/дм³

Ағынды суларды ЗЗЖБШ-дан асатын қосымша тазарту үшін төлем ластаудың әрбір түрі

бойынша жоғарыда көрсетілген өсетін көрсеткіштер бойынша қосымша ақы төлеу Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



көрсетуге соңғы шот-фактураны жазып берген күннен бастап ЗЗЖБШ-дан асатын ластану анықталған күнге дейінгі кезең үшін алынады.

Төлеуге кезекті шот-фактура рұқсат етілген шекті шектен асатын ластану жойылған күні беріледі, бұл туралы рұқсат етілген шектен асып кеткен кәсіпорын (Тұтынушы) елді мекеннен ағынды суларды қабылдайтын және тазартатын кәсіпорынға (Өнім берушіге) жазбаша хабарлауға міндетті.

Жеткізушімен ЗЗЖБШ-ы бар ағын суларды қосымша тазалау шығындарына төлем ұсынудың негізі болып келесілер табылады:

- а) сарқынды сулардың сынамаларын алу актісі;
- б) зиянды заттардың нақты концентрациясы бар сарқынды суларды талдау хаттамасы (сынама хаттамасы);
- в) ЗЗЖБШ-нен асатын ластануы бар ағын суларды ағызу

кезінде қосымша тазарту төлем есебі.

Қосымша тазалау үшін төлемді есептеу әрбір шығарылым бойынша жеке жүргізіледі. Тұтынушы әрбір шығару бойынша шығыстарды ұсынбаған жағдайда, қосымша ақы сарқынды сулардың барлық көлеміне барынша ластанған шығару бойынша есептеледі.

5-тарау. Қызметтерді жіберу және тұтынуды есептеу

5.1. . Көрсетілген сумен жабдықтау және су бұру қызметтерінің көлемі коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша айқындалады.

Осы Шартпен қамтылмаған сумен жабдықтау және су бұру қызметтерінің көрсетілген көлемін айқындау тәртібі Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2011 жылғы 26 қыркүйектегі № 354 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 7257 болып тіркелген) Сумен жабдықтау және су бұру бойынша көрсетілген қызметтердің көлемін есептеу әдістемесінде сәйкес айқындалады.

5.2. Жеткізушінің өкілі Тұтынушының есепке алу аспабының көрсеткіштерінің дұрыс шешілуін және жіберілуін үш айда бір реттен сирек емес қадағалайды.

5.3. Сумен жабдықтау және (немесе) кәріз ұйымының, суды есепке алу аспаптарының жұмысын келісетін ұйымның ИАЖ пайдалана отырып алынған суды есепке алу құралының көрсеткіштері мен суды есепке алу құралының көрсеткіші арасындағы сәйкессіздік анықталған жағдайда суды есепке алу құрылғысының көрсеткіші негізге алынып, сумен жабдықтау қызметтерінің көлеміне сәйкес қайта есептеу жүргізіледі.

5.4. Жеткізушінің су бұру жүйелеріне Тұтынушыдан бөлінген су мөлшері мына жағдайларда:

- ыстық сумен жабдықтаудың жабық жүйесі кезінде, суық су Тұтынушыға орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйесінен келіп түскен кезде және ғимаратта екі құбырға бөлінеді: біреуі -



одан әрі үйшілік суық сумен жабдықтау тарату желісіне, екіншісі - жергілікті су жылытқыш арқылы ыстық сумен жабдықтаудың үйшілік тарату желісіне жіберілген суық судың мөлшеріне. Бұл ретте үйге ортақ есепке алу аспаптары суық сумен жабдықтау кірмелерінде пайдалану жауапкершілігін бөлу шекараларында орнатылады;

- ыстық сумен жабдықтаудың ашық жүйесі кезінде, ыстық су орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау жүйесінен келіп түскен кезде-жіберілген суық су мен ыстық су мөлшері. Үйге ортақ су есепке алу аспаптары ыстық және суық сумен жабдықтау кірмелерінде пайдалану жауапкершілігін бөлу шекараларында орнатылады.

5.5. Ағынды сулары қоқыс шұңқырына, септиктерге немесе жергілікті тазарту құрылыстарына жіберілетін және кейіннен шығарылатын және елді мекеннің су бұру жүйесіне жіберілетін тұтыну ағынды суларының көлемі тұтынылған судың (ауыз, техникалық) мөлшерін ескере отырып есептеледі. Ыстық сумен жабдықтау көзіне қарамастан.

5.6. Тұтынушы қайтарымсыз пайдаланған, шығарылатын өнімнің құрамына кірген, суаруға сарқынды суларды бұру жүйесіне ағызылмайтын су бұру қызметтеріне ақы төлеуді есептеу кезінде ескерілмейді.

Есепке алынбаған судың көлемі технологиялық есептеулерге сәйкес анықталады

5.7. Суды есепке алу аспабы жоқ заңды тұлғаларға - көрсетілген қызметтердің көлемі сумен жабдықтау және су бұру қызметтерін көрсетуге Келісім-шарт жасасу кезінде құрастырылған су тұтынуды есептеу көлемі бойынша айқындалады.

5.8. Бұзушылықтар анықталған кезде көрсетілген сумен жабдықтау және су бұру қызметтерінің көлемін есептеу Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2011 жылғы 26 қыркүйектегі № 354 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 7257 болып тіркелген) Сумен жабдықтау және су бұру бойынша көрсетілген қызметтердің көлемін есептеу әдіс-методына сәйкес жүргізіледі.

5.9. Тұтынушыдан суды есепке алу схемасын бұзу, басқару тораптары мен есепке алу аспаптарында пломбаларды жұлып алу, есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін бұрмалайтын құрылғыларды орнату фактілері анықталған кезде Тұтынушыға соңғы тексеру жүргізілген күннен бастап анықталған күнге дейін, бірақ екі айдан аспайтын мерзімде, тәулігіне 24 сағат ішінде жұмыс істеген кезде құбырдың басқару торабына дейінгі толық өткізу қабілеті есебінен суды пайдаланғаны үшін қайта есептеу жүргізіледі

5.10 Тұтынушыда есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін бұрмалайтын құрылғылар болса; есептегіш болмаған немесе оның дұрыс жұмыс істемеуі кезінде тұтынушылардың сумен жабдықтау жүйелерінен ағып кетулер; тұтынушы (оның өкілдері) Жеткізушінің өкіліне көрсеткіштерді алуға және суды есепке алу аспаптарының функционалдығын, сумен жабдықтаудың кіріс және есепке алу қондырғыларының техникалық жай-күйін тексеруге рұқсат бермесе; тұтынушының есепке алу аспабында және/немесе су өлшегіш тораптың (тиек арматурасының), өрт гидранттарының айналма желісінде пломбаның үзілуі анықталған кезде; есепке алу аспабының істен шығуы жағдайларын қоспағанда, есепке алу аспабының ақаулары туралы Өнім берушіні хабардар етпеген кезде, Тұтынушының кінәсінен емес; елді мекеннің (өнім берушінің) сумен жабдықтау желілерінен суды пайдалану фактісі анықталған кезде сумен жабдықтау және су бұру қызметтерін ұсынуға арналған шартты жеткізуші; өртті сөндіру жағдайларын қоспағанда, өртке қарсы жүйелерден суды пайдалану фактісі анықталған кезде;

тұтынушының сумен жабдықтау жүйесіне қосылған құбыржолдар арқылы суару фактісі

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан

Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз

тасығыштағы құжатпен бірдей.



анықталған кезде, кіреберісте есепке алу аспабы болмаған немесе оның ақауы болған кезде; Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Төрағасының 2011 жылғы 26 қыркүйектегі № 354 бұйрығымен (сумен жабдықтау және су бұру бойынша көрсетілген қызметтер көлемін есептеу әдістемесін бекіту туралы) белгіленген басқа да бұзушылықтар немесе іске қосуда есепке алу аспабы болмаған кезде, төгілуге судың тұрақты ағу фактісі анықталған кезде тұтынушыға суды пайдалану, су құбырының толық өткізу қабілеті "су құбырларын гидравликалық есептеу кестесі" Шевелева Ф.А кестесі бойынша анықталады. Шотты жеткізуші келесі мөлшерде келетін судың келесі көлемі үшін есеппен ұсынады:

5.11. Көрсетілетін қызметті берушінің өкілі тексеру барысында анықталған тұтынушының сумен жабдықтау және су бұру жүйесінде қолданылған әрекеттерге және пайдалану ережелерін бұзуға екі тарап қол қоятын тиісті акт жасайды.

6-тарау. Суды коммерциялық есепке алу тараптарына қойылатын талаптар және пайдалану

6.1. Тұтынушының суды есепке алу аспабының техникалық және метрологиялық сипаттамалары су тұтынудың нақты көлеміне сәйкес келуі тиіс.

Жеткізуші Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 тамыздағы № 621 бұйрығымен бекітілген Сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріндегі суды есептеу аспаптарын таңдау, монтаждау және пайдалану қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 12111 болып тіркелген) сәйкес есепке алу құралдарын пайдалануға жіберуді жүзеге асырады.

6.2. Тұтастығы бұзылған, бастапқы салыстырып тексеру мөртабаны жоқ, мерзімі өтіп кеткен суды есепке алу аспаптарын, сондай-ақ өлшем құралдарының бекітілген түріне (типтік сипаттамасына) немесе белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін сипаттамалары бар суды есепке алу аспаптарын орнату және пайдалану құжаттамасына жол берілмейді.

6.3. Белгіленген тексеру мерзімі өткеннен кейін суды есепке алу аспабын техникалық талаптарға сәйкес келмейтін ретінде коммерциялық есептен автоматты түрде алынады. Жеткізуші тексеру мерзімі аяқталғанға дейін 30 күн бұрын Тұтынушыны есепке алу аспабын кезекті мемлекеттік тексеруді жүргізу немесе оны ауыстыру қажеттігі туралы хабардар етеді.

6.4 Жеткізуші хабарлаған кезде кезекті тексеруге, жөндеуге немесе ауыстыруға байланысты есепке алу аспаптары уақытша болмаған жағдайда, сондай-ақ Тұтынушының кінәсінен емес есепке алу аспабының ақаулығы анықталған кезде ұсынылған сумен жабдықтау қызметтерінің ұсынылған қызметтерінің көлемі аспаптардың болмауы кезеңіне есепке алу аспаптарының көрсеткіштеріне сәйкес алдыңғы үш айдағы орташа шығыс бойынша анықталады, бірақ бір айдан аспайтын мерзімде. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін есептеу аспаптары болмаған



жағдайда, ұсынылған сумен жабдықтау қызметтерінің көлемі жеке тұлғалар үшін су тұтыну нормалары бойынша, заңды тұлғалар үшін осы Келісім-шарттың 2.4. тармақшасына сәйкес анықталады.

6.5. Пәтерде немесе жеке үйде орнатылған есепке алу аспаптарының сақталуын қамтамасыз ету Тұтынушыға жүктеледі. Өнім беруші есепке алу аспаптарын арнайы бөлінген үй-жайларға орнатқан кезде олардың сақталуына Өнім беруші теңгерімдік тиесілілігін шектеу актісіне және пайдалану жауапкершілігіне сәйкес жауапты болады.

6.6. Есепке алу аспаптарын белгісіз адамдар ұрлаған немесе сындырған жағдайда, олардың сақталуына жауапты адам, егер Тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, есепке алу аспаптарының ұрлануы немесе сынуы фактісі анықталған кезден бастап бір ай мерзімде есепке алу аспаптарын қалпына келтіруге міндетті. Жеткізуші есепке алу аспаптарын қалпына келтіру сәтіне дейін Тұтынушыны сумен жабдықтау желілеріне қосады.

6.7. Су есептегішті орнату кезінде су есептегішінің түріне және метрологиялық класына байланысты өндірушінің техникалық талаптары сақталады. Су есептегіші су есептегіш дөңгелегінің айналу осі қатаң тік болатындай етіп көлденең күйде орнатылуы керек.

6.8. Суды есепке алу торабында тиісті параметрлерге сәйкес келетін импульсты шығуы бар суды есепке алу аспабы және көрсеткіштерді қашықтықтан беру құрылғысы (модем) немесе Жеткізушінің ЭТЕАЖ-мен сәйкес келетін көрсеткіштерді қашықтықтан беру құрылғысы кіріктіркілген суды есепке алу аспабы болуы керек.

6.9. Жобаланатын, салынатын, кеңейтілетін, жаңғыртылатын, техникалық қайта жарақтандырылатын, реконструкцияланатын және күрделі жөнделетін ғимараттарда суды есепке алу аспаптарын, ИАЖ және АСУЭ қажетті элементтерін орнатуға арналған шығындар құрылыс салушыға жүктеледі.

Егер бұл бекітілген жобада көзделген жағдайларда, суды есепке алу аспаптарын, ИАЖ және АСУЭ қажетті элементтерін орнатуды қоспағанда, кейіннен сатып алушылардың мүмкіндіктері мен тілектерін ескере отырып орындалатын санитариялық-техникалық жабдықтар мен аспаптарды орнатпай-ақ ғимарат толық өзірлікке жатады.

Құрылыстың нормативтік мерзімдерінің сақталуына қарамастан объектілер "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 60-бабының 4-тармағына сәйкес бекітілген мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес суды есепке алу аспаптарымен және ИАЖ, АСУЭ элементтерімен жарақтандырылған қажетті жиынтықтылықпен пайдалануға енгізіледі.

6.10 Радиоэлектрондық құралды, ИАЖ және АСУЭ деректерін қашықтықтан беру құралдарын монтаждау технологиялық жабдықты монтаждауға, байланыспен байланысты іске қосу-баптау жұмыстарына, сумен жабдықтау объектілеріндегі бақылау жүйесіне жатады, техникалық қызмет көрсету мен пайдалануды дайындаушыдан оқытудан өткен ұйымның персоналы жүргізеді.

6.11. Суды коммерциялық есепке алу үшін сезімталдықтың шекті шегі және максималды дәлдік класы бар, сондай-ақ объектілерді елді мекеннің сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріне қосуға арналған техникалық шарттарда белгіленген техникалық талаптарға сәйкес келетін есепке алу аспаптары орнатылады.

7-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері



Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

7.1. Тұтынушы құқылы:

- 1) Келісім-шарттың талаптарына сәйкес қажетті көлемде денсаулығына қауіпсіз, мүлкіне зиян келтірмейтін белгіленген сападағы қызметтерді алуға;
- 2) ағынды суларды рұқсат етілген жүктеме шегінде қажетті көлемде жіберуге;
- 3) Өнім берушіден қызметтерді есепке алу аспаптарын орнатуды талап етуге
- 4) Жеткізушінің заңнамаға қайшы келетін іс-әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне уәкілетті органның ведомствосына және (немесе) сот тәртібімен шағымдануға;
- 5) көпшілік тыңдауларға қатысуға;
- 6) Қызметтерді тиісінше ұсынбау салдарынан өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды толық көлемде өтеуді, сондай-ақ моральдық зиянды өтеуді белгіленген тәртіппен талап етуге;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін қызмет ұсынылған жағдайда көрсетілетін қызметтердің құнын қайта есептеуді талап етуге;
- 8) егер Жеткізуші белгіленген тәртіппен шот қоймаған болса, алынған қызмет үшін төлем жасамауға;
- 9) көрсетілетін қызметті ұсынуға Өнім берушімен шарт жасасу;
- 10) ұсынылған қызметке толық төлем жасаған жағдайда бір айдан кешіктірмей бұл туралы Жеткізушіні жазбаша хабардар етіп, Келісім-шартты біржақты тәртіппен бұзуға.

7.2. Тұтынушы міндетті:

- 1) нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес өзіне меншік құқығымен немесе өзге де заңды негізде тиесілі және (немесе) оның пайдалану жауапкершілігінің шекарасында орналасқан сумен жабдықтау және су бұру желілері мен жабдықтарының пайдаланылуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;
- 2) есепке алу құралдарының болуы және Жеткізуші ұсынған төлем құжаттарының негізінде ұсынылған қызметтерге олардың көрсеткіштеріне сәйкес уақтылы және толық көлемде ақы төлеуге;
- 3) Жеткізушіге көрсетілетін қызметтерді пайдалану кезінде туындаған сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелерінің желілері мен құрылыстарының, өзіне меншік құқығымен немесе өзге де заңды негізде тиесілі және (немесе) оның пайдалану жауапкершілігі шекараларында орналасқан, орталықтандырылған сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйесінің жұмысына теріс әсер етуі және қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін есепке алу аспаптарының жұмысындағы ақаулар туралы, ал сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелерінің желілері немесе құрылыстары бүлінген немесе, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі жұмысқа және электрондық цифрлық қолтаба түрінде Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

және қоршаған ортаны қорғау қызметіне де дереу хабарлауға;

4) есепке алу аспаптарының, есепке алу аспаптарындағы пломбалар мен тексеру белгілерінің, есепке алу тораптарындағы пломбалардың, айналма желінің ысырмаларындағы, оның пайдалану жауапкершілігі шекарасындағы өрт гидранттарындағы пломбалардың сақталуын, тиісті техникалық жай-күйін қамтамасыз етуге, көрсетілген үй-жайларды таза ұстауға, сондай-ақ су мен ағынды суларды есепке алу тораптары мен аспаптарына кіруге кедергі келтіретін заттарды, есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін бұрмалауы мүмкін механикалық, химиялық, электромагниттік немесе өзге де әсерлерді сақтауға жол бермеуге;

5) Жеткізушіні және мемлекеттік өртке қарсы қызметтің жергілікті органдарын өрт сөндіру гидранттарын олар бұзылған немесе оның су құбыры желілерінде авария туындаған жағдайларда пайдалану мүмкін еместігі туралы дереу хабардар етуге;

6) есепке алу аспаптарының барлық зақымданулары немесе ақаулары туралы, пломбалардың бүтіндігінің бұзылғандығы туралы Жеткізушіге дереу хабарлауға;

7) ағынды сулардың сынамаларын алу үшін, сондай-ақ берешегі болған жағдайда Тұтынушының желілерін ажырату үшін аумақта орналасқан немесе шаруашылық жүргізуіндегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің барлық элементтерінің көрсеткіштерін алу және жұмысқа қабілеттілігін тексеру, техникалық жай-күйін және қауіпсіздігін бақылау үшін Жеткізуші өкілдерінің есепке алу құралдарына кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге;

8) су тұтыну және (немесе) суды тұтыну көлемін шартта белгіленгеннен артық ұлғайту кезінде ұйымның сумен жабдықтау және (немесе) канализация жөніндегі техникалық шарттарын немесе техникалық талаптарын сұратуға;

9) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 шілдедегі № 546 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 11932 болып тіркелген) Елді мекендердің су бұру жүйелеріне ағынды суларды қабылдау қағидаларында көзделген жағдайларда ағынды суларды оқшау тазартуды қамтамасыз ету;

10) көрсетілетін қызметті тұтыну кезінде қауіпсіздік техникасы бойынша талаптарды сақтауға;

11) орталықтандырылған су бұру жүйесінің жұмысына теріс әсер етуді болдырмау мақсатында белгіленген зиянды заттардың рұқсат етілген концентрациясынан асатын ластаушы заттары бар сарқынды суларды ағызуға жол бермеу. Зиянды заттардың рұқсат етілген концентрациясы: 1. өлшенген заттар - 386,52 мг/д3; 2. ХПК - 252,87 мг/д3; 3. БПК₅ - 318,78 мг/д3; 4. аммоний азоты- 30 мг/д3; 5. нолдар - 3,21 мг/д3; 6. мұнай өнімдері - 1,75 мг/д3; 7. майлар - 50,00 мг/д3; 8. СББЗ - 1,53 мг/д3; 9. құрғақ қалдық - 1000 мг/д3; 10. темір - 0,88 мг/д3; 11. хром - 0,32 мг/д3; 12. мыс - 0,16 мг/д3; 13. цинк - 0,75 мг/д3; 14. никель - 0,26 мг/д3; 15. қорғасын - 0,1 мг/д3; 16. ДБТ (дегидрогеназді белсенді тұнба) - 20% көп емес; 17. рН - 9,0; 18. су toC 40oC аспайтын; 19. хром (VI)-0,1 мг/дм3.

12) сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйымның рұқсатынсыз өзге Тұтынушыларды сумен жабдықтаудың және (немесе) су бұрудың меншікті желілеріне қоспауға;

13) Шаруашылық-тұрмыстық ағынды сулардың су бұру жүйесіне нөсерлі және сіңгіш сулардың лақтырысын болдырмау.

14) су бұру желісіне қар және сынықтарды лақтыруға жол берілмейді;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өте-дәлал қатарлы орындауға. Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

7.3. Жеткізуші құқылы:

- 1) ұсынылған қызметтер үшін төлемді уақтылы және толық көлемде алуға;
- 2) уәкілетті орган бекіткен тәртіппен тарифтердің қолданылу кезеңінде барлық Тұтынушылар үшін ұсынылатын қызметтерге тарифтерді төмендетуге;
- 3) жеке келісім-шарт (келісім) бойынша пайдалану жауапкершілігі шегінде Тұтынушының сумен жабдықтау және (немесе) су бұру желілері мен құрылыстарына техникалық қызмет көрсетуді және пайдалануды жүргізуге;
- 4) көрсетілетін қызметтерді тұтыну мен төлеуді бақылауды жүзеге асыруға;
- 5) тиісті лицензиясы болған кезде көрсетілетін қызметті есепке алу аспаптарының жұмыс қабілеттілігін тексеруді және салыстырып тексеруді жүргізуге;

7.4. Жеткізуші міндетті:

- 1) нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес өзіне меншік құқығымен немесе өзге де заңды негізде тиесілі және (немесе) оның пайдалану жауапкершілігі шекарасында орналасқан елді мекеннің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін тиісінше пайдалануды қамтамасыз етуге;
- 2) санитарлық ережелерге (гигиеналық нормативтерге) сәйкес ауыз суды дайындауды және оны Тұтынушыға беруді қамтамасыз етуге;
- 3) Тұтынушыны басқа Тұтынушылардың міндеттемелерін орындамау себептері бойынша қызмет алу кезінде шектемей, жасалған Келісім-шартқа сәйкес Тұтынушыға қызметтерді уақтылы және үздіксіз ұсынуды қамтамасыз етуге;
- 4) құрылыс объектілерін қабылдау және пайдалануға беру жағдайларын қоспағанда, қызметтерді сатып алуға және орнатуға арналған шарт жасалған және уәкілетті органның ведомствосымен келісілген төлем енгізілген жағдайда қызметтерді есепке алу аспаптарын сатып алуға және Тұтынушыларға орнатуға .
- 5) қызмет көрсетуге байланысты кез келген функцияларды басқа тұлғаларға беруге жол бермеуге;
- 6) көрсетілетін қызметтердің сапасы мен санын есепке алуды және бақылауды жүргізу, қызметтерді ұсынудың бұзылуының алдын алу және жою бойынша уақтылы шаралар қабылдау;
- 7) Тұтынушымен қызмет көрсетуге шарт жасасу;
- 8) уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тарифтер бойынша сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерін ұсынуға;



- 9) есептік кезеңнен кейінгі айдың оныншы күніне дейінгі мерзімде Тұтынушыға ұсынылатын қызметтер үшін ақы төлеуге төлем құжатын ұсынуға;
- 10) Тұтынушыларды Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасында белгіленген мерзімдерде тарифтердің немесе олардың шекті деңгейлерінің өзгеруі туралы хабардар етуге;
- 11) 24 сағат ішінде Тұтынушының негізделген талаптары бойынша ұсынылатын қызметтердің сапасы мен көлемін қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдауға;
- 12) сумен жабдықтау және су бұру желілерін, есепке алу аспаптарын тексеру кезінде, сондай-ақ Тұтынушының есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алу кезінде қызметтік куәлігін көрсетуге;
- 13) профилактикалық және жөндеу жұмыстарын жүргізу кезеңінде Тұтынушыға ауыз суын көлік құралдарымен жеткізіп беруге;
- 14) Тұтынушының желілері мен құрылыстары жарамды және (немесе) Өнім берушінің техникалық шарттары орындалған жағдайда Тұтынушының объектілерін сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелеріне қосуға рұқсат беруге;
- 15) үшінші тұлғалардың рұқсатсыз қол жеткізуінен Тұтынушының дербес деректерінің құпиялылығын қамтамасыз етуге;
- 16) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзім ішінде осы Шартты орындауға байланысты мәселелер бойынша абоненттің шағымдары мен өтініштеріне жауап беруге;
- 17) Тұтынушының қатысуымен орталықтандырылған сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріне қосуға (жалғауға) арналған есептеу аспаптарын, есептеу тораптарын, құрылғылар мен құрылыстарды пайдалануға рұқсат беруді жүзеге асыруға;
- 18) Тұтынушының өтінішін алған сәттен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен аспайтын мерзімде Тұтынушының есепке алу аспаптарын пломбалауды жүргізуге;
- 19) Тұтынушыны Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және жағдайларда сумен жабдықтауды және (немесе) су бұруды уақытша тоқтату немесе шектеу туралы ескертуге;
- 20) өзіне меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде тиесілі орталықтандырылған сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріндегі авариялар мен зақымдануларды нормативтік құжаттарда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде уақтылы жою жөнінде қажетті шаралар қабылдауға;
- 21) Қызмет көрсету жүзеге асырылатын сумен жабдықтау және су бұру желілеріне жоспарлы-алдын ала жөндеу жүргізудің кестесі мен мерзімдері туралы Тұтынушыларды хабардар етуге;
- 22) орталықтандырылған су бұру жүйесінің жұмысына теріс әсердің алдын алу мақсатында Тұтынушылардың өндірістік сарқынды суларынан сынама алуды жүзеге асыру және зерттеу жүргізу.



8-тарау. Тараптарды шектеу

8.1. Тараптарға Қазақстан Республикасы заңнамасын осы немесе басқа да әдіспен бұзатын немесе Тараптардың құқықтарын шектейтін әрекеттер жасауға тыйым салынады.

8.2. Тұтынушыға тыйым салынады:

- 1) Жеткізушінің келісімінсіз есептеу тараптарын қайта жабдықтауға, сондай-ақ есептеу аспаптарын орнатуды және (немесе) алуды жүргізуге;
- 2) Жеткізуші келіскен және қабылдаған қолда бар суды есепке алу схемаларын бұзуға;

8.3. Жеткізушіге тыйым салынады:

- 1) Басқа Тұтынушылардың талаптарды орындамау себептері бойынша қызмет көрсетуден бас тартуға немесе Тұтынушыны қызмет алудан шектеуге;
- 2) ұсынылған Қызмет үшін уәкілетті органның ведомствосы белгілеген тариф мөлшерінен асатын төлем алуға;
- 3) Тұтынушыдан төлем құжаттарын ұсынбай көрсетілетін қызметтердің ай сайынғы төлемін талап етуге.

9-тарау. Тараптардың жауапкершілігі

9.1. Жабдықтарды және инженерлік желілерді дұрыс ұстау үшін жауапкершілік оның иесіне жүктеледі және баланстық меншікті бөлу шекаралары мен пайдалану жауапкершілігімен анықталады.

9.2. Келісім-шартта көзделген міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда кінәлі Тарап екінші Тарапқа Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтірілген залалды өтейді.

9.3. Көрсетілген қызметтер үшін төлемді кешіктірген жағдайда Тұтынушы Шартқа сәйкес, 10.2-тармақта көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген, 2006 жылғы 20 желтоқсанда қолданыста болған қайта қаржыландыру ставкасы бойынша өсімпұл төлейді. кешіктірілген әрбір күн үшін, бірақ негізгі борыш сомасынан



Айыппұл мөлшері Тұтынушымен Шарт жасасқанда анықталады. Егер Тараптардың келісінде өзгеше белгіленбесе, өсімпұлды есептеу мерзімінің басталуы есеп айырысу кезеңінен кейінгі айдың 26-сы болып табылады.

9.4. Егер Жеткізуші үшін Тұтынушыға қызмет көрсету мүмкін еместігі Жеткізушімен шарттық қатынастарда тұратын басқа тұлғалардың кінәсінен болса, Тұтынушы алдында Жеткізуші жауапты болады.

9.5. Тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды) төлеу Тараптарды Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

9.6. Тараптардың келісімі бойынша құжатпен расталған ауыр материалдық шығынға немесе уақытша еңбекке жарамсыздыққа әкеп соққан ауру немесе жазатайым оқиға кезінде Тұтынушыға, оның жазбаша өтінішімен өсімпұл есептеу жөніндегі мерзім ұзартылуы мүмкін.

9.7. Жеткізуші және тұтынушы сумен жабдықтау және сарқынды су жүйелеріне қызмет көрсетеді және олардың әрқайсысының пайдалану жауапкершілігі шегінде қалыпты техникалық жағдайын қамтамасыз етеді.

9.8. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар, олардың аффилиирленген тұлғалары, қызметкерлері немесе делдалдары осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада белгіленген пара беру/алу, коммерциялық пара алу, сондай-ақ осы Шарттың талаптарын бұзатын басқа да әрекеттерді жасамайды. қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптары.

9.9. Жеткізушінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын сақтамауы Тапсырыс берушіге оны біржақты тәртіппен бұзу құқығын бере отырып, шартты елеулі бұзу болып саналады. Бұл жағдайда Жеткізуші шарт бойынша кез келген төлемді, оның ішінде бұрын жеткізілген тауарлар үшін төлемді талап етуден бас тартады. Тапсырыс беруші сонымен қатар шартты бұзуы немесе төлемді тоқтата тұруы немесе кешіктіруі мүмкін, егер Жеткізуші сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзса немесе бұзса, Тапсырыс беруші Жеткізушінің талаптарын орындамауынан туындайтын кез келген талаптар, залалдар немесе залалдар үшін жауап бермейді. осындай заңдарды немесе осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертулерді сақтау. 9.9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау мақсатында тараптар жасалған шарттар бойынша ақпаратпен және құжаттармен алмасу арқылы өзара іс-қимыл жасауға міндеттенеді.

10-тарау. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары

10.1. Тараптар Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер бұл еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Бұл жағдайда Тараптардың ешқайсысы шығындарды өтеуге құқылы болмайды. Тараптардың кез келгенінің талап етуі бойынша өзара міндеттемелердің орындалуын айқындайтын комиссия құрылуы мүмкін. Бұл ретте Тараптардың ешқайсысы еңсерілмейтін күш мән-жайлары басталғанға дейін туындайтын шарт бойынша міндеттерден босатылмайды.



Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, Тараптар олар басталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті ұйымы растаған еңсерілмейтін күш мән-жайларының басталу күнін және сипаттамасын нақтылайтын жазбаша хабарламаны кейіннен табыс ете отырып не пошта арқылы жібере отырып, бұл туралы бір-біріне хабарлайды.

10.2. Тараптардың Келісім-шарт бойынша міндеттемелері еңсерілмейтін күш мән-жайларының қолданылу мерзіміне, бірақ мұндай мән-жайлар Келісім-шарт бойынша Тараптардың міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін дәрежеде ғана тоқтатыла тұруы мүмкін.

Егер еңсерілмейтін күш мән-жайлары үш және одан да көп айға созылатын болса, Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа болжамды бұзу күніне дейін кемінде күнтізбелік жиырма күн бұрын алдын ала хабарлаған жағдайда Келісім-шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Тараптар отыз күнтізбелік күн ішінде Келісім-шарт бойынша барлық өзара есеп айырысуларды жүргізуге міндеттенеді.

11-тарау. Жалпы ережелер және дауларды шешу

11.1. Келісім-шарттың қандай да бір ережесі бойынша немесе тұтастай алғанда, немесе Келісім-шарттың ережелеріне қатысты қандай да бір мәселеге немесе іс-әрекетке байланысты туындаған қандай да бір дау немесе келіспеушілік жағдайында Тараптардың кез келгені екінші тарапқа даудың мәнін толық баяндай отырып, наразылық жолдауға құқылы.

Тараптар барлық дауларды келіссөздер жолымен реттеу үшін барлық күш-жігерін жұмсайды.

11.2. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Келісім-шарт бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер жауапкердің орналасқан жері бойынша соттарда шешіледі.

Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда Келісім-шартты бұзуға құқылы.

11.3. Тараптардың Келісім-шарттан туындайтын және онымен реттелмеген қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

11.4. Келісім-шарт екі данада қазақ және орыс тілдерінде әрбір Тарап үшін бір данадан жасалады.

11.5. Тараптардың келісімі бойынша Келісім-шарт үлгілік шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да талаптармен толықтырылуы мүмкін.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін Келісім-шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органдарында тіркеледі және тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

11.6. Бұл Келісім-шартты орындау барысында, сонымен қатар келісім-шартта қарастырылмаған барлық сұрақтар бойынша тараптар ҚР әрекет етуші заңнамасына сүйенеді.



12-тарау. Келісім-шарттың қолданылу мерзімі

12.1. Келісім-шарт 01.01.2026 ж. сағат 00:00-ден (Астана қаласының уақыты бойынша) бастап күшіне енеді және 31.12.2026 ж. сағат 24:00-ге дейін қолданылады.

12.2. Келісім-шарттың қолданылу мерзімі, егер Келісім-шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік отыз күн бұрын тараптардың біреуі бұл туралы мәлімдесе, көрсетілетін қызметтерді ұсыну көлемін нақтылай отырып, белгілі бір мерзімге ұзартылады. Келісім-шарттың мерзімін ұзарту Келісім-шартқа қосымша келісіммен ресімделеді және/немесе жыл сайын ұзартылған болып есептелінеді.

12.3. Тараптардың бірінің мерзім аяқталғаннан кейін Келісім-шартты тоқтату немесе өзгерту туралы өтініші болмаған жағдайда, ол келісім-шартта көзделген мерзімге және келісім-шарттарда ұзартылған болып есептеледі.

12.4. Келісім-шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын 1 тізіммен келісім-шарт жасалды.

14 Тараптардың деректемелері

Тұтынушы:

"Қарағанды облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі
Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы,
Қазыбек би атындағы аудан, Гоголь көшесі, 34
БСН 070540003649
БСК ККМФКЗ2А
ЖСК KZ85070102KSN3001000
«ҚР ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ҚАЗЫНАШЫЛЫҚ КОМИТЕТІ» РМ
Тел. 8 7212 569004
Басшы: Досаев Тлектес Темирбекович

Жеткізуші:

«Қарағанды Су» ЖШС
100008, Қарағанды қ.
Привокзальная көш, 5. тел. 56-19-14,
56-43-45, 51-99-23
БСН 040640005089
ЖСК KZ4294804KZT22031530
«Евразийский Банк» АҚ
БСК EURIKZKA
Эл.мекен-жай: contracts@kar-su.kz

_____ **Ж. Ескенова**
М.О.



Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №:

Электрондық конкурстың атауы: Решение о проведении государственных закупок

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, соның ішінде ҚҚС, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орындар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, соның ішінде ҚҚС, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
001-015-151 : Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу												
	"Қарағанды облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі	Орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланумен суық сумен жабдықтау бойынша қызмет көрсетулер	Орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланумен беру, үлестіру және салқын сумен жабдықтау бойынша қызметтер	Суық су және кәріз	Бір қызмет	1	297 999.99	2026 жылғы қаңтар-желтоқсан	2026 жылғы қаңтар-желтоқсан	Қарағанды облысы, Қарағанды қ., Қазыбек би атын. ауданы Гоголь көшесі, 34 (1)	0	297 999.99



**ДОГОВОР № 12744К На предоставление услуг водоснабжения
и/или водоотведения**

г. Караганда

01.01.2026 г.

ТОО «Қарағанды Су» БИН 040640005089, предоставляющее услуги водоснабжения и /или водоотведения (далее – Услуги), именуемое в дальнейшем Поставщик, в лице заместителя генерального директора по правовым вопросам и сбыту Ескеновой Жулдыз Берикболовны, действующей на основании доверенности № 30/4985 от 26.12.2025 года с одной стороны, и ГУ «Управление энергетики и жилищно-коммунального хозяйства Карагандинской области» БИН 070540003649 именуемый в дальнейшем Потребитель, в лице руководителя Досаева Т.Т. действующего на основании Положения, с другой стороны, вместе именуемые Стороны, заключили настоящий договор (далее – Договор) о нижеследующем.

Глава 1. Основные понятия, используемые в Договоре

В Договоре используются следующие основные понятия:

Поставщик - Товарищество с ограниченной ответственностью «Қарағанды Су», водохозяйственная организация (предприятие водоснабжения и водоотведения), осуществляющая полный технологический процесс водоснабжения и водоотведения и эксплуатирующая системы водоснабжения и водоотведения населенного пункта с целью оказания услуг потребителям по водоснабжению и водоотведению, а также осуществляющая технический надзор за состоянием систем водоснабжения и водоотведения потребителей, регулирующая и контролирующая развитие систем водоснабжения и водоотведения населенного пункта в целом;

Потребитель/Заказчик - физическое или юридическое лицо, пользующееся или намеревающееся пользоваться регулируруемыми услугами водоснабжения и (или) водоотведения;

